

Г. Ж. НҰРЫШЕВА
Б. М. АТАШ

ҒЫЛЫМИ ТАНЫМ ФИЛОСОФИЯСЫ

Оқу құралы



ӘОЖ 101.1 (075.8)

КБЖ 87; в я 73

Н 87

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультетінің Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі (№3 хаттама 17 мамыр 2016 жыл); әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жанындағы ҚР БЖҒМ-нің жоғары және жоғары білім беруден кейінгі Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің «Жаратылыстану ғылымдары», «Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес», «Техникалық ғылымдар және технология», «Өнер» мамандықтары тобы бойынша оқу-әдістемелік бірлестігі мәжілісінің шешімімен ұсынылған (№3 хаттама 2 маусым 2016 жыл)

Пікір жазғандар:

философия ғылымдарының докторы, профессор **М.Ш. Хасанов**
философия ғылымдарының докторы, профессор **М. Сәбит**
философия ғылымдарының докторы, профессор **С.Е. Нұрмұратов**

Нұрышева Г.Ж.

Н 87 Ғылыми таным философиясы: оқу құралы / Г.Ж. Нұрышева, Б.М. Аташ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 428 б.

ISBN 978-601-04-2022-9

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқу үдерісіне ғылым қарқындап дамып отырған заман талабына сай енгізілген «Ғылыми таным философиясы» пәні бойынша дайындалған оқу құралында философия ғылымының және ғылыми таным философиясының негізгі мәселелері: көне дәуірден бастап қазіргі заманға дейінгі тарихи даму кезеңдері, адам, қоғам, табиғатты ғылыми танып-білудің ерекшеліктері, әдістері баяндалған. Сондай-ақ қазақ халқының ұлттық дүниетанымындағы ғылыми таным бастауларына және оның эволюциясына айрықша назар аударылған.

Еңбек жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттары мен докторанттарына және ғылыми таным мәселелеріне қызығушылық танытқан көпшілік қауымға арналады.

ӘОЖ 101.1 (075.8)

КБЖ 87; в я 73

АЛҒЫ СӨЗ

Университеттердің қоғамдағы орны олар қалыптаса бастаған XII ғасырдан бастап ерекше болды. Қоғамдық және интеллектуалдық дамудың бағытын анықтау, ұлттық мақсаттарға жету құралы, терең білімді және адамгершілігі жоғары тұлғаларды дайындау міндеттерін атқарушы университеттердің рөлі қазіргі заманғы қоғамда арта түсуде. Осындай мақсаттарды лайықты орындап отырған қазақстандық университеттердің бірі – республикамыздың жоғары оқу орындарының көшбасшысы, әлем университеттерінің рейтингінде беделді орынға ие болған әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті университеттердің классикалық үлгісіне сай қызмет етуге, яғни ғылым мен білім қатар дамыған білім ошағына айналуға ұмтылып отыр. Осы мақсатқа орай, республика жоғары оқу орындарының бәрі үшін жалпы міндетті болып саналатын «Философия» пәні университетте кеңейтілген түрде «Ғылыми таным философиясы» ретінде оқытыла бастады. Бұл шешім – студенттерді ғылыми ізденіске дайындаудың қажетті сатысы екендігі күмәнсіз. Ұсынылып отырған оқу құралы осы пән бойынша қазақ тілінде жазылған алғашқы еңбек.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғылым мен технология тілін мемлекеттік тіл деңгейіне көтеру мәселесі қолға алынғаны белгілі. Қазақ тілінде жазылған, басқа тілдерден аударылған философиялық туындылар мен оқулықтар қатары көбейіп келеді, бірақ баламалы оқулықтар түрін көбейту, оны жаңа оқыту технологиясы бойынша жазу, батыстық және шығыстық философияны ұлттық таным тұрғысынан түсіндіру, еуропаорталықтық көзқарастардан арылу сияқты мәселелер «Философия» пәні бойынша қазақ тілінде дайындалған оқулықтар санын көбейту және сапасын жақсарту мәселесіне келіп тіреледі.